

**"Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 712 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 71, 643-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|   |               |   |
|---|---------------|---|
| 5 | Сауда қызметі | Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі |
|---|---------------|---|

";

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|    |                                    |  |
|----|------------------------------------|--|
| 14 | Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет | Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі |
|----|------------------------------------|--|

";

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

|    |                  |  |
|----|------------------|--|
| 17 | Байланыс қызметі | Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі |
|----|------------------|--|

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин